4 Қарасу

6 «Хиуаз – ұлы дала қыранысың»

17 тамыз, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№126-127 (20800-20801)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР МЕН КӨЛІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

Суретті түсірген Нұрболат Нұржаубай

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионда Құрылысшылар және Көлік қызметкерлері күніне орай мерекелік іс-шара өтті. Оған ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер, қала тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы мерейі мен мәртебесі жоғары, өшпейтін мұра, өлмейтін тарих жасаушы құрылысшылар мен көлік қызметкерлерін, жиналған қауымды кәсіби мерекемен құттықтап, өңірдің жетістіктеріне тоқталды.

– Сыр елі Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауының арқасында қарқынды құрылыс алаңына айналды. Биыл құрылыс жұмыстары көлемінің көрсеткіші бойынша республикада үздіктер қатарындамыз. Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосқан, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін берген құрылыс индустриясын дамытуда сала мамандарының үлесі орасан зор.

Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде бюджет көлемі 733 млрд теңгеге жетті. Құрылыс саласына мемлекеттік бюджет есебінен 133 млрд 400 млн теңге қаржы бөлінді. Қаржыландыру көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 5 есе артты. Биыл облыс аумағында 187 жобаның құрылысы жүргізілуде.

Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты. Қаламыздағы 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су келеді. Биыл көпқабатты тұрғын үйлердің 50 пайызын ыстық сумен жабдықтау үшін Үкімет резервінен қаржы бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. 2025 жылғы жылу беру маусымында ыстық су толықтай қосылады.

Аймақтың дамуына серпін беретін жол-көлік инфрақұрылымы саласында да ауқымды жобалар жүзеге асуда. Қоғамда жиі талқыланған «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президентіміздің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртудан өтуде. Қазіргі кезде Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 104 шақырымы аяқталды.

Құрылысшы, көлік қызметкері – жай ғана мамандық емес, елге қызмет етудің үлгісі. Сіздер қандай құрметке де лайықсыздар. Мерекеліңіз құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Салтанатты басқосуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығына сәйкес елдің құрылыс саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасы – «Құрмет» орденімен сала ардагері Жеткерген Оразбаев, «Қыран» ЖШС директоры Жайсан Сыздықов, III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС бас инженері Юрий Нам, «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС учаске бастығы Серік Саркенжеев, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Астана-сервис ЛТД» ЖШС бас инженері Дүйсенбай Қорғанов, «Автомобиль жолдары басқармасы» ЖШС автогрейдер машинисі Болат Оспанов, «Аман-Құрылыс» ЖШС учаске бастығы Абай Байдраманов наградталды.

Сондай-ақ Қаржы саласының үздігі, салық саласының III рангілі мемлекеттік кеңесшісі Дайрабай Ысқақовқа, техника ғылымдарының кандидаты Шахизат Төребаевқа, мемлекет және қоғам қайраткері Айтбай Көшербаевқа, жеке кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевқа Қызылорда облыстық мәслихатының шешімімен «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Салтанатты шарада «Құрмет грамотасы», ҚР Өнеркәсіп және құрылыс, Көлік министрліктерінің марапаттары табысталды.

Мереке отандық эстраданың жарық жұлдыздарының қатысуымен өткен мерекелік концертпен жалғасты.

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

АЛДА ШЕШУШІ НАУҚАН

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен егін жинау науқанына дайындық барысы талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиынға селекторлық режим арқылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты.

Биыл облыста 192 700 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде күріш егісінің көлемі – 84 300 гектар. Бүгінде дәнді дақылдың 31 800 гектары гүлдеу, 31 400 гектары сүтті пісу және 21 100 гектары балауыз пісу фазасында, 42 300 гектар (50%) егістіктің суы байланды. Ерте егілген дақылдар толық жиналып, қазір малазықтық, майлы, көкөніс, бақша дақылдары жиналуда. Күрішке 17 тамыздан бастап орақ түседі, қазанның бірінші онкүндігінен кешіктірмей жинап алу жоспарлануда.

2-бет

ОҚЫРМАН САҒАТЫ

М.ШОҚАЙ ИДЕЯСЫ – ТҮРКІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық ғылым академиясының академигі, Ұлттық құрылтайдың мүшесі, Халықаралық түркі академиясының президенті, мұстафатанушы Дархан Қыдырәлі және ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетовтің қатысуымен Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында «М.Шоқайдың ғылыми-әдеби мұрасының зерттелу деңгейі» атты оқырман сағаты өтті.

Жиынның кіріспесінде сөз сөйлеген облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов Сыр елінің дара перзенті, ұлт ардақтысы, жалпы түркі әлемі деңгейінде тұғыры биік тұлға М.Шоқайдың өмірі мен сол қоғамдағы саяси қайраткерлік келбетін танытуда зор еңбек етіп келе жатқан, «Мұстафа» атты деректі романның авторы, мұстафатанушы Дархан Қыдырәліге облыс әкімінің құттықтауын табыс етті.

3-бет

ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Кеше Құрылысшылар күніне орай облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласында Инновациялық-шығармашылық орталығының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов, Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ тәуелсіз директоры Серік Қожаниязов, зиялы қауым өкілдері мен сала басшылары қатысты.

Аймақ басшысы құрылысшылар қауымын кәсіби мерекемен құттықтап, өңірдегі жобалар мен жаңа орталықта атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

– Сыр елі Мемлекет басшысының және Үкіметтің қолдауының арқасында құрылыс жұмыстары көлемінің көрсеткіші бойынша республикада үздіктер қатарындамыз. Құрылысы қарқынды елдің экономикасы қай уақытта да қуатты. Аймағымыздың ажарын айшықтап, сәулетіне сән қосатын, өңіріміздің өсіп-өркендеуіне жаңаша серпін беретін саланы дамытуда құрылысшылардың үлесі орасан зор.

Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде 733 млрд теңгеге жетіп, 101,4 пайызға өсті. Оның ішінде құрылыс саласына мемлекеттік бюджет есебінен 133 млрд 400 млн теңге қаржы бөлінді. Қаржыландыру көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 5 есе артты. Облыста 187 нысан бой көтеруде.

2-бет

18 ТАМЫЗ – ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

Еліміздің шекарасы 5 мемлекетпен шектеседі. Мыңдаған шақырымды құрайтын шекара аумағының 700 шақырымдайы біздің өңірмен байланысып жатыр. Оның бойында 14 шекара бөлімшесі орналасқан.

6-бет

САРАП

СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ?

Кейінгі уақытта WhatsApp желісінде солтүстік өңірге қоныс аударуға шақырған хабарландырулар көптеп таралуда. Онда тіпті қоныс аударушыларға қаржылай көмекпен қатар, баспана, мал, оған қажетті жем-шөп, тұрақты жұмыспен қамту қарастырылғаны айтылған. Мұның себебін бір жағынан солтүстік өңірлердегі ауыл мектептерінде бала санының азайып кетуімен және математика, физика, информатика секілді пән мұғалімдерінің жетіспеушілігімен байланыстырады.

Иә, жұмыс күші тапшы, халық саны аз теріскейдегі тұрғын санын ішкі көші-қон арқылы реттеу еліміздің территориялық тұтастығын сақтауға, ұлттық салт-санадан ажырамауға, тіл мәселесінің оң шешілуіне ықпал ететіні белгілі. Дегенмен, ондағы баспана жайы, шаруаның ыңғайы қоныс аударушылар үшін маңызды екені анық. Сондықтан да Үкімет тарапынан арнайы бағдарлама қабылдау қажет болды. Бүгінде күнгейден теріскейге қоныс аудару жайы қалай болуда? Бағдарлама жемісін беріп жатыр ма? Сыр өңірінен көшіп барушылар легі қалай?

3-бет

Валюта бағамы $ 478,57 kzt € 526,91 kzt ₽ 5,4 kzt

Ауа райы +27⁰ +29⁰ +28⁰ +30⁰

АЛДА ШЕШУШІ НАУҚАН

Егін жинауға қатысатын қолдағы 4 440 техника 100 пайыз дайын. Аймаққа 8 100 тонна арзандатылған дизель отыны бөлінді. Бекітілген кестеге сәйкес жергілікті операторлар дизель отынын жеткізіп, шаруашылықтарға литрін 247-250 теңгеден таратуда.

Ауыл шаруашылығы құрылымдарының сыйымдылығы 551 мың тонна болатын 216 сақтау қоймасына алдын ала дератизация жасалып, жаңа астықты қабылдауға дайын.

Егістікті әртараптандыруда соя 135, қант құмайы 290, дән жүгері 1700, сүрлем жүгері 793 гектарға жеткізілді.

Күтімге алынған 48,3 мың гектар ескі жоңышқаның 2,5 мың гектары тұқымға қалдырылды, 45,8 мың гектардың бірінші орымы аяқталып, одан 121 мың тонна жоңышқа дайындалды. Орта өнім гектарына 26,4 центнерден алынды. Қазір екінші орым басталып, 34,9 мың гектары орылды. 83,9 мың тонна жоңышқа жиналды, орта өнімі 24 центнерден келуде.

Егілген 3,7 мың гектар күздік бидай толығымен жиналып, 7,3 мың тонна өнім алынды. Орта өнім гектарына 19,9 центнерден келді.

Айта кетейік, 14 тамыздағы жағдай бойынша «Шардара» су қоймасына жоғарыдан секундына 122,1 текше метр су түсіп, қоймадағы су көлемі 1,3 млрд текше метр болды. Төменге секундына 400 текше метр су тасталып, облыс шегіне 462 текше метр көлемінде кіруде.

Өсімдік зиянкесі саяқ шегірткеге қарсы өңдеу жоспарланған 43,7 мың гектар алқапта жұмыс толығымен атқарылды.

Егін жинау жұмыстарына дайындық барысы аймақ басшысының тікелей бақылауында.

1-бет

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖАУАПТЫЛАР ЖҰМЫСТАН БОСАТЫЛДЫ

Кеше өткен жиында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кәмелетке толмаған қызды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеу фактісіне уақытында тиісті әрекет етпеген уәкілетті тұлғаларға қатаң шаралар қабылдауды талап етті деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Облыс әкімі атап өткендей, бірнеше күннен бері әлеуметтік желілер мен бұқаралық ақпарат құралдарында кәмелетке толмаған қызды жезөкшелікпен айналысуға мәжбүрлеген Қызылордадағы мектеп түлектерінің әрекеті талқылануда.

Аймақ басшысы бұл атышулы қылмыстан жарты жылға жуық уақыттан бері полиция департаментінің ұйымдасқан қылмыспен күрес басқармасы мен қызға сабақ беретін мұғалімдер бейхабар болғанын қатаң сынға алды.

– Әлеуметтік желілерде учаскелік полиция инспекторы мен мектептің ювеналды полиция қызметкері мәселеден хабардар болғандығы жөнінде ақпарат тарады. Негізгі салғырттық осы қызметкерлерден басталған. Өздеріне бекітілген аумақтағы ахуалды алдын ала зерделеп, әр тұрғынды бақылауы тиіс еді. Бірақ ондай жұмыс мүлде жүргізілмеген. Білім саласының мамандары да қызметтеріне немқұрайлы қараған. Мектеп басшылығы, педагогтер, мектеп инспекторы, өз міндеттеріңізді орындамағансыздар! Мектеп психологі, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және директор заң аясында қандай да бір нақты қадамға бармаған, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ аймақ басшысы оқушының сабақтан жиі қалатынына тиісті мамандардың назар аудармағанын, ата-анасымен тиісті деңгейде профилактикалық жұмыс жүргізбегенін, тек мәселені жасырып-жабуға тырысқандарын айтты.

– Бүгіннен бастап №7 мектеп – лицей директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологі, әлеуметтік педагогі, сынып жетекшілері жұмыстан босатылсын. Қызылорда қаласы әкімінің осы салаға жауапты орынбасарына, қалалық білім бөлімінің басшысына қатаң сөгіс, бөлімнің тәрбие жөніндегі жауапты маманына жұмыстан босату шарасы қолданылсын. Білім басқармасының басшысына өз міндеттерін тиісті деңгейде орындамағаны үшін қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту беремін. Өзіне жүктелген міндетті тиісті деңгейде орындамаған мектеп инспекторы мен учаскелік полиция инспекторы, оны бақыламаған кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі ювеналды полиция бөлімшесі, қалалық полиция басқармасы мен облыстық жергілікті полиция қызметі ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасы тікелей кінәлі. Осы орайда, жауапты мамандардың жауапкершілігін қарап, қызметінен босатуға дейінгі кадрлық шешімдер қабылдансын. Қабылданған шешімдер туралы жұмыс аяғына дейін баяндаңыз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бала құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық уәкіл Жақсығүл Тоғановаға облыстың білім беру ұйымдарындағы жұмыстарға талдау жүргізіп, дереу жұмыс тобын құру тапсырылды. Бұл ретте алдын алу шараларын қолданып, қолайсыз отбасыларды және тәулікке жалға берілетін пәтерлерді аралау қажет екені айтылды.

Аймақ басшысы оқиғадан зардап шеккен отбасына жан-жақты көмек көрсетуді, тергеудің барынша объективті жүргізілуін талап етті.

– Қозғалған қылмыстық іс бойынша тергеп-тексеру амалдарының объективті жүргізілуі міндеттеледі. Қылмысқа қатысы бар адамның барлығы заң аясында тиісті жауапкершілікке тартылатын болсын! Бұл мәселені тікелей бақылауымда ұстаймын, – деп түйіндеді облыс әкімі.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Дархан Қыдырәлі, Руслан Рүстемов және Наурызбай Байқадамовпен кездесті.

Кездесуде мәдениет пен руханият саласында атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар талқыланды.

– Алаш арыстарын ортамызға оралтып, тарихтың ақтаңдақ беттерін қайта қалпына келтіру, жас ұрпақтың санасында олар туралы дұрыс түсінік қалыптастыру тәуелсіз ел болашағы үшін аса маңызды.

Қазіргі уақытта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанында Мұстафа Шоқай ғылыми орталығы жұмыс жасайды. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде қайраткерге арналған экспозициялық бұрыш жасақталып, қола бюсті орнатылған. Облыста 2 мектепке, 14 көшеге тұлғаның есімі берілген, 2 ескерткіші, Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданында бюсті бар.

Алаш зиялыларының есімін ұлықтаумен қатар, кейінгі жылдары аймақтың мәдениет пен руханият саласында ауқымды жұмыстар, тың жобалар жүзеге асырылуда. Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтап, құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында биыл аймағымызда «Руханият жылы» жарияланды.

Халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымының шешімімен Сыр өңіріне түркі дүниесінің «Ең үздік мәдени аймағы» номинациясы берілді. Бұл тұтас Орта Азияда рухани, мәдени кемелденген өңір екенімізді көрсеткен жоғары баға деп білеміз. Руханият саласындағы ілкімді жобаларымыз алдағы уақытта да жалғасын табады, – деді облыс әкімі.

«Руханият жылы» шеңберінде облыстағы 171 мәдениет үйі мен клубтар «Адал адам» тұжырымдамасы аясында жұмысын қайта жаңғыртуда.

Қызылорда қаласында ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрімізді жан-жақты насихаттау үшін заманауи үлгімен салынған «Анаға тағзым», «Өнер орталығы», «Отбасы орталығы», «Жыраулар үйі» халыққа рухани-мәдени қызмет көрсетуде.

Сырдария өзенінің сол жағалауынан жаңа облыстық тарихи-мәдени мұра орталығы (облыстық музей), барлық ауданда музей, кітапхана, архив, неке қию залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтарын біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият» орталықтары салынуда.

Теміржол вокзалы маңындағы «Ақмешіт» музейі қайта жаңғыртудан өткізілуде. Ішкі экспозициясының тұжырымдамасы жасалып, Алаш мұраларына арналған «Алаш әдебиеті» музейі болып қайта жасақталуда. «Алаш әдебиеті» музейінде Алаш зиялыларына, Сыр өңірінің ақын-жазушыларына, халық ауыз әдебиеті өкілдеріне қатысты тарихи деректер зерттеліп, ғылыми айналымға қосылады. Алаш зиялылары мен әдебиет өкілдеріне қатысты архив жәдігерлері жан-жақты насихатталады.

Сыр еліне жұмыс сапарымен келген сенаторлар атқарылған жұмыстарға оң бағасын беріп, бастамаларға әрдайым қолдау көрсетілетінін жеткізді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында, қаржыландырудың барлық көзінен 869 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысы көлемі 126 пайызға өсті. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға беріледі. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде.

1-бет

Бүгін Шығармашылық-инновациялық орталығының іргетасын қалаймыз. Орталықта балаларға спорттық сауықтырудан бөлек, көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық, тарихи-өлкетану, гуманитарлық бағытта қызмет көрсетіледі. Бұдан бөлек, футбол, баскетбол, волейбол, воркаут алаңдары, бассейн, соңғы үлгідегі материалдық-техникалық базамен жабдықталған кабинеттер қарастырылған.

Мемлекеттің гүлденуі жолындағы абыройлы істеріміз және өскелең ұрпақ тәрбиелеудегі бастамаларымыз табысты болсын! – деді облыс әкімі.

Жаңа нысанның іргетасын қалау рәсімінде ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, профессор, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Бақберген Досманбетов тұрғындарды құттықтап, ізгі тілек білдірді.

Айта кету керек, орталықты «Bi Global» ЖШС салуда. Бас жобалаушы – «TEHNIKALIQ BAQILAU» ЖШС, техникалық қадағалаушы – «Алатау Сапа Құрылыс» ЖШС. Жаңа нысан 2026 жылы пайдалануға беріледі.

«ҚЫШҚАЛА» ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Бейсенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Дархан Қыдырәлі, Руслан Рүстемов және Наурызбай Байқадамовпен бірге Сырдария ауданындағы тарихи-мәдени ескерткіш «Қышқала» қалашығына барды.

Суреттерді түсірген Нұрболат Нұржаубай

«Қышқала» кейбір деректерде «Баршынкент», «Барчинлыгкент», «Барджинлигкент», «Қызқала» деп те аталады. Алтын Орда дәуірінде ірі сауда әрі қолөнер орталығы болғаны айтылады. Жүргізілген зерттеу қала тіршілігінің хронологиялық шеңберін XIII-XV ғасырларға жатқызуға мүмкіндік береді.

Бұл қаланы алғаш рет 1889 жылы Перовск уезінде барлау жұмыстарын жүргізген В.А.Каллаур ашып, «Кыс – қала» («Гыш – қала») немесе «Тасқала» деп атап, оның Перовскіден Хиуа мен Бұқараға баратын жолдың 25-30 верстінде орналасқанын жазған. 1946 жылы С.П.Толстов басқарған Хорезм археологиялық-этнографиялық экспедициясы «Қышқаладан» ыдыс сынықтарын, басқа да заттарды жинап, оның ортағасырлық «Асанас» пен «Женттің» аралығында орналасқанын картада көрсеткен.

2018-2020 жылдары облыстық бюджет есебінен «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы (жетекшісі тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов) кешенді қазба жұмыстарын жүргізді. Сегіз қырлы ғимараттың, ортағасырлық кесененің, екі мұнарасы сақталған қыштан салынған құрылыстың, қыш күйдіретін пештің және XIV ғасырдағы құдықтың орындары аршылып, консервацияланды.

2021-2023 жылдары Білім және ғылым министрлігінің грантымен «Ортағасырлық «Қышқала» («Баршынкент»): Алтын Орда дәуіріндегі қалалық мәдениет контекстінде» атты жоба аясында Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қазба жұмыстарын жүргізді.

Аймақ басшысы тарихи-мәдени ескерткіштердің маңызын өскелең ұрпаққа түсіндіру жауапкершілігі мол міндет екенін айтты. Сонымен қатар, ескерткішті күтіп-ұстауға, тазалық жұмыстарын уақытылы жүргізуге қатысты тапсырмалар жүктеді.

Еске салайық, өңірдегі ежелгі «Шірік Рабат», «Бәбіш мола», ортағасырлық «Сығанақ» қалашықтарына жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының ғылыми негіздемелеріне сүйеніп, өткен жылы «Шірік Рабат Сақ жауынгері», «Сығанақ ханшайымы» реконструкциялары жасалып, музей қоры жаңа экспонаттармен толықты.

Бұл жоба биыл да жалғасуда. Арал маңы сақтарының ерте кезеңіне жататын «Түгіскен көсемі», «Жетіасар ақсүйек әйелі» реконструкциялары қолға алынды.

Құнды жәдігерлер облыстың мәдениет және өнер күндері аясында Алматы қаласында және Астанадағы Ұлттық музейде ұйымдастырылатын көрмеге қойылады деп жоспарлануда.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

САПАР

«НАРШОҚЫДА» ТУҒАН НАР ТҰЛҒА

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Дархан Қыдырәлі, Руслан Рүстемов және Наурызбай Байқадамовпен бірге аса көрнекті саяси қайраткер – Мұстафа Шоқайдың құрметіне арналған «Наршоқы» ескерткішіне барды. Мұстафа Шоқай Шиелі ауданының «Сұлутөбе» теміржол стансасынан он бес шақырым жердегі «Наршоқы» мекенінде 1890 жылдың 25 желтоқсанында дүниеге келген.

2023 жылдың 16 қарашасында «Наршоқы» елді мекенінде ұрпақтарының ұйытқы болуымен ескерткіш белгі қойылды.

Мұстафа Шоқай ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигенциясының ең жарқын өкілдерінің бірі, саналы өмірін қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі халықтарының азаттығы жолында арпалыспен өткізген.

Бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар қайраткердің есімі Сыр бойында да жанжақты ұлықталуда.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанында «Мұстафа Шоқай» ғылыми орталығы жұмыс жасайды. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде Мұстафа Шоқайға арнайы экспозициялық бұрыш жасақталып, қоладан құйылған шағын бюсті орналастырылған.

Рахымжан Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» драмасы Нартай Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында сахналануда.

Бүгінгі күні облыста 2 мектепке, 14 көшеге тұлғаның есімі берілсе, 2 ескерткіш, 2 бюст орнатылған. Алаш зиялыларының есімін ұлықтаумен қатар, кейінгі жылдары аймақтың мәдениет, руханият саласында ауқымды жұмыстар, тың жобалар жүзеге асырылуда.

Аймақ басшысы тарихи-мәдени ескерткіштердің маңызын өскелең ұрпаққа түсіндіру жауапкершілігі мол міндет екенін айтты. Сонымен қатар, ескерткішті күтіп-ұстауға, тазалық жұмыстарын уақытылы жүргізуге қатысты тапсырмалар жүктеді.

М.ШОҚАЙ ИДЕЯСЫ – ТҮРКІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті жанындағы «Шоқайтану» ғылыми орталығының жетекшісі Сағат Тайман ең алғаш 2016 жылы ашылған ғылыми орталықтың үздіксіз жұмыс атқарып келе жатқанын атап өтті.

– Ғылыми орталық жанынан құрылған ғылыми-әдістемелік кеңес бүгінге дейін Франция, Германия, Грузия, Польша мемлекеттерінде болып, біршама құнды деректер жинақтады. Сол ізденістердің нәтижесінде М.Шоқайдың тұлғалық энцеклопедиясының жобасы дайындалды. Иә, қазір мұстафатану аясында көптеген кітаптар, ғылыми-монографиялық еңбектер жарыққа шығып жатыр. Оның ішінде енді ғана оқырманға жол тартқан «Мұстафа» атты деректі роман мұстафатану ғылымына қосылған сүбелі еңбек деп бағалаймыз. Болашақ ұрпақ үшін берері мол танымдық дүние.

Дегенмен, қайраткердің тұлғасын танытуда әлі де жүйесін таппай тұрған жұмыстар бар. Мысалы, М.Шоқай ескерткіші Қызылорда қаласынан басқа жерде жоқ. Ол – осы өңірдің тумасы болғанымен, жалпы түркі жұртына ортақ тарихи тұлға. Осы орайда Астана, Алматы сынды ірі қалалардан М.Шоқайдың бір ескерткіші бой көтерсе, елдің де рухын көтерер еді. Осы мәселеге мемлекеттік деңгейде назар аударылып, қолға алынса құба-құп болар еді,– деді С.Тайман.

ҚР Парламенті Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов «Нартұлға» сериясымен жарық көрген «Мұстафа» деректі романында ХХ ғасыр кезеңінде әлемді шарпыған тарихи оқиғаларды кеңінен қамтып, оның ішінде М.Шоқайдай тұлғаның туғаннан бастап, бүкіл өміріне талдау жасай келіп, сол тарихи кезеңдегі саяси қайраткерлік болмысына баға берілгенін айтты.

– ХХ ғасырдың басы – шынын айтқанда, әлемде аласапыран уақыт. Бір формацияның екінші формацияға ауысуы, өркениеттер қақтығысының басталуы, яғни, бұрын адамзаттың ойына келмеген сұрапыл процестердің жүзеге асырылу кезеңі. Деректі романда дәл сол кезеңде өмір сүрген М.Шоқайдың артында қалған мұрасы арқылы көптеген тың деректер бізге жетіп отыр. Тарихи процестер нақты деректер мен архив құжаттары арқылы көрсетілген. Бұл алдағы уақытта да жас ғалымдардың, мұстафатанушылардың өз еңбек-

1-бет

теріне пайдалануына үлкен мүмкіндік десек болады. Бір сөзбен айтқанда, оқырман жүрегіне ойып орын алатын туынды, – деді Н.Байқадамов. Сондай-ақ ол осы романға алғысөз жазған Қазақстанның Еңбек ері, Мемлекеттік сыйлық иегері Ә.Таразидің осынау ғылыми маңызы зор көркем туындыға жоғары баға бергенін атап өтті.

Жиын модераторы Нұрлыбек Мыңжас «Мұстафа» деректі романы төңірегінде ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемовтің де пікіріне тоқталып, лайықты баға берілгенін айтты.

Тарих ғылымдарының кандидаты Уәлихан Ибраев өз баяндамасында ХХ ғасыр басында М.Шоқай көтерген түркі халықтарының тұтастығы идеясы әлі күнге дейін, тіпті болашақта да өміршең әрі өзекті екенін айтты.

– Еліміздің арғы-бергі тарихында түркі халықтарының ортақ құндылығы мен саяси бірлігі әрдайым маңызды болған. М.Шоқай өзінің түркі халықтарын біріктіру идеясын саяси деңгейге көтерді. Соның көрінісі – 1917 жылдың қарашасында Түркістан автономиясы өмірге келген еді. Бір сөзбен айтсақ, М.Шоқай тұтас Түркістан мемлекетін құру идеясын нақты жүзеге асыра алды, идеядан саяси актіге қол жеткізді,– деді ол.

Жиында оқырманға жол тартқан «Мұстафа» деректі романының тарихи маңызы, ғылыми әлеуеті және көркемдік мазмұны туралы сөз қозғалып, М.Шоқайдың туған топырағында танымдық жұмыстарды арттыра түсуге байланысты біршама ұсыныс-пікір қозғалды. Мысалы, М.Шоқайдың туған жерін, сондай-ақ оның өміріне қатысы бар жерлерді мемлекет қорғауына алып, келешекте туристік орындарға айналдырудың жас ұрпақ үшін, жалпы түркі жұрты үшін маңызы зор екені айтылды. Сенатор Дархан Қуандықұлы бұл айтылған ұсыныстарды өз тарапынан толық қолдайтынын айтты.

– Жақында Алматы облысының «Жаңалық» деген ауылына барып қайттық. Ол жерде 160-тан астам Алаш қайраткерлері атылған екен. Мен таяуда депутаттық сауалымда осы мәселені көтердім. Біз А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, тағы басқа зиялы тұлғаларымыздың қайда жатқанын білмейміз. Сондықтан атабейіт сияқты тағзым орталығын жасақтау мәселесін ұсындық. Мысалы, Боралдайда «Қандысай» деп аталатын жерде он тоғыз нарком жатыр. Осындай тарихи маңызы бар жерлерді мемлекет қарауына алып, тағзым орталығына айналдыру, олардың артында қалған мұрасын жинақтап, боздақтарға арналған музей ашу мәселесіне нақты назар аударатын уақыт жетті. Осы орайда М.Шоқайдың денесін әкелу бойынша М.Қойгелді ағамыздың ұсынысын да қолдаймын. Егер бұл мәселе мемлекеттік деңгейде шешімін тауып, М.Шоқайдың денесі Германиядан елге әкелінсе, Түркістанға қойылуы керек деп ойлаймын.

Осындай рухани маңызды қадамдар бізді тәуелсіздікті қадірлеуге, қазір күшейіп келе жатқан Түркістан идеясын нығайтуға, боздақтар алдындағы борышымызды өтеуге бағытталған лайықты іс болар еді, – деді Д.Қыдырәлі. Сонымен қатар, сенатор Дархан Қыдырәлі облыстық кітапханаға «Нүкте», «Абыздар аманаты», «Тамыр» кітаптарын және «Мұстафа» деректі романының алғашқы кітабын тарту етті. Алдағы уақытта Сыр оқырмандары үшін М.Шоқай өміріне қатысты құнды деректерді де табыстайтынын айтты.

Жиында тұтас Түркістанның азаттығы үшін күрескен Мұстафа Шоқайдың тарихи тұлғасы мен идеясының біртұтас әрі өміршеңдігі тұрғысында келелі ой қозғалып, кең ауқымды пікірлер ортаға салынды. Қоғам қайраткері, Т.Жүргенов қорының төрағасы Сәпен Аңсат, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, тарихшы, өлкетанушы Жұмабай Байзақ сынды қоғам өкілдері ұсыныстарын айтты.

Оқырман сағатына келушілер «Мұстафа Шоқай және түркі әлемі» атты арнайы кітап көрмесіне қойылған архив құжаттары, М.Шоқайдың әр жылдары жарық көрген кітаптары, мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалары, мұстафатанушы-ғалымдардың ғылыми еңбектері сияқты құнды деректермен танысты.

Айта кетейік, ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Ұлттық ғылым академиясының академигі Дархан Қыдырәлі Сыр еліне келген сапарында «Анаға тағзым» орталығында болып, заман талабына сай дәстүрлі әрі жаңашыл, креативті бастамаларды іске асырып отырған орталықтың жұмысымен танысты. Сыр аналарының қолынан шыққан көркем туындыларды, зергерлік қолөнер бұйымдарын көріп, жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ «Нүкте» деп алатын көркем публицистикалық туындысын тарту етті.

Орталықтың «Шамшырақ» студиясында сұхбат беріп, арғы-бергі тарихымыздағы аналар келбеті, жалпы бүгінгі қоғамда әрбір отбасындағы аналардың жауапкершілігі туралы сөз сабақтады. Оның ішінде қарапайым еңбек ету үлгісін қалыптастыруда, ұрпақ тәрбиесінде аналардың орны әрдайым биік екенін атап өтті. Әсіресе, қазіргідей қоғам қабағы құбылып тұрған күрделі кезеңде жас ұрпақтың бойына ауыл өмірінің тыныс-тіршілігін, атабабадан жалғасып келе жатқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты терең сіңірудің маңызы зор екеніне тоқталды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҚАНШАЛЫҚТЫ НӘТИЖЕ БЕРУДЕ?

КӨШ ҚАЛАЙ ҚОЗҒАЛДЫ?

Елімізде бірнеше жыл бұрын «Жұмыспен қамту – 2020» бағдарламасы аясында тұрғылықты халқы сиреп, жұмыс күші азайған солтүстік өңірлерге халқы тығыз орналасқан оңтүстік аймақтардан адамдарды көшіріп, қажетті жағдай жасау жұмыстары басталды. Үкіметтің мұндай бағдарламаны қолға алуына демографиялық ахуал себеп болды.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі кейінгі 10 жылдағы ішкі миграцияға талдау жасап, оңтүстік облыстардағы тұрғындардың бір бөлігін солтүстікке көшіру қажеттігін анықтаған. Егер бұл мәселе реттелмесе, 2050 жылға қарай солтүстіктегі халықтың саны миллион адамға қысқарып, оңтүстік өңірдегі халық саны 5,2 млн адамға артатын көрінеді. Осылайша Үкімет бұл мәселеге назар аударып, бағдарлама аясында көші-қон жұмыстарына басымдық берді. Бүгінде «Жұмыспен қамту – 2020» жол картасы бағдарламасының үшінші бағыты аясында Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы бұйрығымен бекітілген «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларын бекіту туралы» Ережеге сәйкес солтүстік өңірлерге қоныс аудару жұмыстары жүргізілуде. Мәліметтерге сүйенсек, 2014 жылдың желтоқсан айында Сыр елінен Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласына алты отбасы қоныс аударған. Қоныс аударған азаматтар бағдарлама аясында салынған тұрғын үймен және тұрақты жұмыспен қамтылған. Ал 2015 жылы Риддер қаласына тағы да екі отбасы, 2016 жылы Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облысына біреуден, Павлодар облысына екі отбасы қоныс аударған. Сонымен қатар, 2017 жылы бағдарламаға өзгерістер енгізіліп, «Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы» бекітіліп, Түркістан облысы

1-бет

қоныс аудару өңірлерінің қатарына қайта енгізілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында елдегі еңбек ресурстарының балансын есепке алудың тиімді әдістемесін әзірлеуді, сондай-ақ еңбек ресурстарының тапшылығы бар өңірлерде Үкіметке көші-қон үдерісін басқару үшін пәрменді шаралар қабылдауды тапсырған болатын. 2021 жылғы дерек бойынша осындай өңірлерге жалпы саны 1437 адам (412 отбасы) көшкен. Оның ішінде 744 адам еңбекке қабілетті жаста. Еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің ішінен 319 адам жаңа тұрғылықты жері бойынша жұмысқа орналастырылған.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде ерікті қоныс аударуға қатысушылар үшін субсидия түрінде мемлекеттік қолдау шаралары ұсынылады. Қоныс аударған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету тетігі де жалғасатын болады. 2020 жылы қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы 6 379 адам (1 878 отбасы) мөлшерінде белгіленген. Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының үшінші бағыты осы еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыруды қарастырады.

Алматы, Жамбыл, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары, Алматы, Шымкент және Астана жұмыс күші артық өңірлер деп аталды. Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында жұмысшылар жетіспейді.

СЫРДАН ҚОНЫС АУДАРҒАНДАР

Биыл қоныстанушыларды қабылдау өңірлері: Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Қостанай, Шығыс Қазақстан, Абай, Ұлытау, Қарағанды облыстары.

Жалпы жұмыс күші аз аймақтарға 2020 жылдан бері өңіріміздің 566 жаңұясы құрамында 1861 мүшесімен қоныс аударған.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мәліметінше, кейінгі 3 жылдың ішінде Солтүстік өңірлерге қоныс аударушылардың қатары көбейген, яғни, 2020 жылмен салыстырғанда 2 есеге артқан. Атап айтқанда, 2020 жылы 96 отбасы 268 мүшесімен көшсе, 2021 жылы – 517 мүшесімен 166 отбасы, 2022 жылы 651 мүшесімен 187 отбасы қоныс аударған.

– Былтыр Солтүстік өңірлерге 117 отбасы қоныс тепкен. Нақтырақ айтсақ, Қостанай облысына құрамында 101 адам бар 35 отбасы, Солтүстік Қазақстан облысына 40 отбасы (144 адам), Павлодар облысына 31 отбасы (133 адам), Шығыс Қазақстан облысына 7 отбасы (32 адам), Ұлытау облысына 1 отбасы және Абай облысына 3 отбасы көшкен. Қоныс аударған отбасы мүшелерінің 687 немесе 597 адамы, яғни 86,9 пайызы жұмысқа жарамды. Қалғандары – кәмелеттік жасқа толмаған балалар, студенттер, зейнеткерлер. Жұмысқа жарамды 687 адамның 448 немесе 81,7 пайызы тұрақты жұмысқа орналастырылды. Олардың ішінде 156-сы немесе 34,8 пайызы өнеркәсіп және құрылыс, 112-сі немесе 25 пайызы ауыл шаруашылығы, 81-і немесе 18,1 пайызы білім беру, 34-і немесе 7,6 пайызы денсаулық сақтау, қалған 65-і немесе 14,5 пайызы өзге салаларға барды. Бұған қоса 31 азаматымыз несие мен қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін ашты. Құрамында 241 мүшесі бар 238 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді, – дейді халықты жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік әріптестік бөлімінің басшысы Нұржан Өмірзақов.

Бағдарлама басталғаннан бері қоныс аударған 8 отбасы 25 мүшесімен жаңұялық жағдайына, ауа райының қолайсыздығына, денсаулығына байланысты облысымызға қайтып келген. Нұржан Егізбайұлының айтуынша, қоныс аударушылардың басым бөлігі Павлодар, СҚО және Қостанай облыстарын таңдауда. Тұрғындар бұл облыстарды негізінен ауыл шаруашылығымен айналысу үшін, өндіріс ошақтары мен білім беру, денсаулық сақтау секілді салаларға жұмысқа орналасу, әрі ауа райының қолайлығы үшін таңдайды.

Жалпы Солтүстік өңірлерге қоныстандыру жобасын жүзеге асыру үшін облысымызда жыл сайын дәстүрлі түрде осы өңірлердің әкімдігі мен жұмыс берушілерінің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, халық көп шоғырланған орындарда, шалғай орналасқан елді мекендерді аралап ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

– Мамыр айында «Болашақ» университетінде «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуын ұйымдастыру» жобасы аясында «Жетістіктер алаңы» атты шара ұйымдастырылды. «Жетістіктер алаңы» жәрмеңкесіне қатысқан және жалпы өткізілген халықпен кездесулер барысында 1300-ге жуық тұрғынға бос жұмыс орындары ұсынылып, қоныс аудару бойынша көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары жөнінде 630 адамға жеке кеңес берілді. Нәтижесінде 121 адам қоныс аударуға ниет білдірді, – дейді бөлім басшысы.

ҚАНДАЙ КӨМЕК БЕРІЛЕДІ?

Жоғарыда айтып өткеніміздей, теріскейге қоныстанушыларға Үкімет тарапынан бірқатар көмек көрсетіледі. Мәселен, экономикалық мобильділік сертификаты келу өңірінде тұрақты тұратын елді мекенде тұрғын үйді сатып алу кезінде қандастар мен қоныс аударушыларға беріледі, яғни тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде, бірақ 1 160 АЕК-тен (2024 жылға 4 282 720 теңге) аспайтын мөлшерде беріледі. Көшу шығыстарын өтеу бір рет отағасына және отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК (258 440 теңге) мөлшерінде бір рет беріледі. Тұрғын үй жалдау және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеу ай сайын, он екі айдан көп емес тұрғын үй алғанға дейін өтеледі. Оның көлемі қалалық жерлерге қоныс аударғандарға бір адам үшін 20 АЕК (73840 теңге), отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса, 25 АЕК (92300 теңге), ал отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 30 АЕК (110760 теңге) мөлшерінде төленеді. Ал ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін бір адамға 15 АЕК (55380 теңге), отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 18 АЕК (66456 теңге), отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 21 АЕК (77532 теңге) мөлшерінде төленеді.

ҚАЗАЛЫДАН – ФЕДОСЕЕВКЕ

Солтүстікке қоныс аударушылардың бірі – Әдемі Жаймаханова. Ол Қызылорда облысы Қазалы ауданының «Бірлік» ауылында тұрған. Ауылда екі қолға бір күрек таппаған соң жас отбасы мемлекет ұсынған мүмкіндіктен айырылғысы келмепті.

– Қостанай облысы Әулиекөл ауданының Федосеев ауылына 2021 жылы көшіп келдік. Жолдасым денешынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығын, өзім аспаздықты бітіргенбіз. Өкінішке қарай жолдасым сырқаттанып қалды. Өзім мектепке тазалықшы болып орналастым. Келгенімізге өкінбейміз. Ауа райы ұнады. Біздікіндей ыстық жоқ, – деп Әдемі ағынан жарылды.

Әдемінің ендігі тұрмысына қызығып, мемлекет берген мүмкіндікті пайдаланғысы келген болуы керек, артынша інісі мен келіні де жетіпті.

– Інім мал шаруашылығын қолға алды. Келінім медбике болып жұмысқа орналасты. Апамыз бен жездеміз, тәтеміз де қоныс аударды. Тәтеміз ауылдан дүкен ашып, мал жинап, жағдайын жақсартып алды. Өзім де бос уақытымда торт, бәліш пісіріп, қосымша нәпақа табамын. Бірге көшіп келген он шақты отбасы араласып тұрамыз. Мұнда мамандық бойынша жұмыс табуға болады. Ауызбіршілігі мол ауылға келгеніме қуанамын, – деді ол.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

№126-127 (20800-20801) 17 тамыз, сенбі 2024 жыл

ЖУРНАЛИСТ МҰРАҒАТЫНАН

Қарасу

Досым Тұрсынов
Мақаш Жұппамбет
Фото: Ашық дерекқордан.

Сірә, XX-ғасырдың алпысыншы жылдарының аяқ шені-ау, күн кешкіріп қалған кез-ді. Бірақ қараңғылық түспеген. Облыстық «Ленин жолы», («Сыр бойы») басылымынан өндіріс-транспорт бөлімінің меңгерушісі Мырқы Исаев телефон шалды. Мен осы басылымның Арал, Қазалы аудандары бойынша меншікті тілшісімін. Мықан қалыптасқан әдетімен тым асығыс, желдірте, өктем, бұйыра, қара аспанды төндіре сөйледі.

Оған біз үйренгенбіз. Және Аралдан қыз алғандықтан «күйеу бала» деп әзілдейтініміз де бар-ды.

Сонымен келесі аптаға жоспарланған номерге В.И.Лениннің Арал балықшыларына жолдаған хатына сәйкес тұтас бір беттік мақала дайындауымыз керек екен. Ол үшін сол заманда, яғни 1921 жылдың қараша-желтоқсан айларында балық аулап, 14 вагон балық жөнелтуге үлес қосқан қариялармен кездесіп, әңгімелесіп, суретке түсіріп, мейлінше тез редакцияға жеткізуге шұғыл тапсырма алдық.

Жол қатынасы мүлде қиын-ды. Түн-түнімен әр мекеме басшысының мазасын алып, таң біліне азық-түлік алып жүретін автолавкіге қолым ілінді «Аманөткел», «Аққұлақ», «Бөген», «Қарашалаң» ауылдарынан өткесін, басқа көлікке ауысып, Сырдарияның арғы бетіне, «Терістүбек» қыстағына жеттім. Мұнда өзіме таныс, әке-ағаларыммен бірге балық аулаған, аса зейінді Досым Тұрсынов есімді ақсақал тұратын-ды. Сексенге таянғанда сырқат айналдыра бастаған екен. Десе де басын көтеріп:

– Иә, есімде, бәрі бүгінгідей көз алдымда тұр, – деді Досекең бір жөтеліп алып, – дарияда сең жүріп жатқан, жел құбыладан соғып, теңіз долданып, ақбас толқындары аспанға шапшиды. Жан жолатар емес. Мұзы не қатқан емес, не қарасу емес. Осындай жіңсілең күннің кешінде Ленин патшаның уәкілдері келді дегесін құм төбенің басына жиналдық. Қазан айының орта тұсы-ау! Екі жігіт екен: бірі қазақ, екіншісі де қазақ тіліне судай. Содан түсінгенім Ресей жақта, Еділ бойымен Приуральенің бір бөлігін, Астрахань мен Пермь губерниясын, Татар Республикасын аштық-құрғақшылық жайлап, мал азықтық шөптер қурап, миллиондаған адам және жас балдар қырылу қаупінде екенін есітіп жағамызды ұстадық. Содан аулаған балығымыздың асымдықтан өзгесін тапсырамыз деп уәде бердік. Ал мұнда аласапыран. Жүдә, ұят болды. Ол тұста мен 24-темін. Сенің Мақаш ағаң менен 4-5 жас кіші. Сол бір ақыл қосты. Соның арқасында уәдеден табылдық-ау!

– Дос әке, ол қандай ақыл?

– Е-е, ол ма, ол дарияда ығызбай-ау жүретіндей «Қарасу» алып қалу!..

– Қызық екен. Дарияда қалың сең. Абыржы. Қауіпті. Еш қимыл жоқ.

Сонда «қарасу» алып қалғаны қалай?, – деп едім, Досым көкем:

– Балам, мен шаршадым. Ендігісін Мақаш ағаңнан сұра, – деп төсегіне жантайды.

***

Жүріп келем. Ойланып келемін. Мен де балықшының ұрпағымын. «Дарияны сең буды» дегенді есіткенмін. Жоғарыдан зулап, ағыс айдап келе жатқан сеңнің әлдебір кедергіге тап болып, кідіріп қалатыны бар. Сең бірінің үстін бірі басып, кірпіш болып қаланады. Ондайда дария суы буырқанып, ернеуден асып, суы далаға жайылады. Қатынас тоқтайды. Осыны «Сең буды» дейді. Бірақ ол соншалықты көпке ұзамайды. Және бір сең шоғыры соққанда бәрі жөнге түседі. Ал «қарасуды» алып қалу дегенді білмедім. Арагідік табиғаттың өзі жер ыңғайына қарай орайын келтірмесе... Жо-жоқ мүмкін емес. Ал Мақаш аға:

– Неге мүмкін емес? – деп күлді де тоқтап қалды.

Екінші сыныпта оқып жүргенімде-ақ құс атып, балық аулағанымды білетінді. Бұл өнерім жетіншіні бітіргенімше созылды. Одан кейін қол үзіп кеттім. Демек, балық аулаудың да қыры-сыры көп болған-ау!

Бір оқиға есіме түсті. 1947 жылы институттың бірінші курсынан жазғы каникулға келгенмін. Жаз айларында осы «Терістүбектегі» жүзге тарта шаңырақтың бірсыпырасы бүгінгі «Ақлақ» тоспасының маңына қос тігіп, дариядан қолсамармен су алып аз-маз бақша егеді. Дариядан балық аулатпайды. Жазда запрет! Тек жайын қармақ салуға рұқсат. Мектеп оқушылары Шәкізат пен Ерсайын «Тасым» қайырына екі желі қармақ тастаған ғой. Түс ауа барып желі арқанды тартса келмейді. Балық түссе тулар еді, бұлқынар еді. Ондай сыбыс жоқ. 20-30 килолық жайынды ұстағанда аузында 2-3 қармақ жүретінді. Ал мұнда тым-тырыс. Ол екеуі үйге келіп, осылай да осылай деп сайрады. Өздері үрейлі. Бұл жұмбақты ешкім шеше алмады. Әңгімеге Оңайбике әжем араласып:

– Әй, сендер Мақашқа барыңдар. Өзен-көлдің маманы сол ғой, – деді. Мәкең, кешкі салқынмен пішен оруға кеткелі жатыр екен.

– А-а, не дейсіңдер? Қармаққа нендей жем іліп едіңдер, – деп сұрады.

– Ескі көңнің ақ құртын ілгенбіз, – деді екі балықшы қосарланып.

– Ә-ә, ірілері де әлі бар екен-ау, – деді шырайланып. Сосын:

– Әй, Бәйбіше, – деді Ұлжан жеңгемізге мойын бұрып. – Қазаныңа су құйып, дайындай бер, бұйырса майлы қарма жейтін болдық!

Біз болсақ аң-таңбыз.

– Оның еш құпиясы жоқ, – деді үрей қысқан екеуге, – қармақтарыңды үлкен жайын басып қалған. Әрине, тірі емес. Қайық және жуан арқан алыңдар. Қазір іздеріңнен мен де барамын.

– Аға-ау, сонда қалай, – деді Ерсайын шыдамсызданып, – 20-30 килолық жайынның өзі желіні үзіп кетеді, ал мынау тым ірі болса...

– Тоқта, шырағым, – деді Мәкең оған таяп келіп, – қармаққа ақ құрт ілдің, басқа жем болса көрінбеуі мүмкін. Ал лайлы суда ақ құрт менмұндалап айқайлап тұрады. Өрден төменге қарай ағыспен жүйткіген ашқарақ жайын аққұртты көрді де сол құлдилаған екпінімен «Ауп!» деп жұтып жіберді. Құртпен бірге қарынға қармақ та зу-у етті! Енді жан бермей көр. Ышқына құлады. Басы батпаққа еніп кетті!

– Апырай-ә! дестік те «Тасым» қайырына жөнелдік. Мәкең жуан арқанның бір ұшын беліне байлап, қолындағы бәгүрді әр тұсқа сүңгітіп жүрді-жүрді де:

– Ә-ә-ә! Жайсаңың мында екен, – деп суға түсті. Онша терең емес екен. Беліндегі арқанды қолына алып, бір-екі рет сүңгіді де:

– Шыдаңдар балдар, арқанды желбезегінен өткізіп алайын, басының өзі дә-ә-ә-у! 7-8-міздің күшіміз жетпес. Түйе әкеліңдер, – деп күлімдеді.

– Арқан жуан, берік. 7-8-міз жабыла тарттық. Жо-оқ, болар түрі жоқ. Ерсайын қос өркешті түйе әкелді. Арқанды алдыңғы өркешіне байлап, өзіміз де қосылып, «айт, шу-у!» дедік. Расында да қара қазаннан да үлкендеу басы көрінді. Бізге еріп келген балашаға қаша жөнелді. Жиекке шығарғанда шөккен нар түйедей қара жайын аунап жатты...

***

Пәлен жыл бұрынғы осы көріп-білгенімді ой елегінен өткіздім де:

– Мүмкін еместі мүмкін ететін ақыл мен айла, күш қуат қой, Досым әке, ақыл қосқан сіз деп еді, бүгінде оны идея дейді, ол қандай идея?! – дедім Мақаш көкеме сұрақты жаудырып.

– Досекең сөйдеді ме, – деп таңданыс білдірді де, «Ой, – абызымай! Не жақсының бәрін өзгеге телиді де, өзі сыртта қала береді. Әлгі Ленин патшаның хатына еңбекпен, іспен жауап қайыруға жұмылдық. Бірақ абыржы қол байлады. Көлдің мұзы қатқан жағалауына бір-жар ау құрғандар 5-10 килолап балық тасиды. Ау-құрал да, басқа құрал-сайман да кемшін. «Қара-Шоқаттағы» бай сәудегер Иван Кузяға балық өткізіп, бір-екі байлам ау-торын алушы едік. 1917 жылдың соңына қарай олар кетіп болды. Жаңа үкімет «Қосшы» сияқты шағын ұйымдар құрды. Бірақ еш жәрдем болмады. Ойластық кеп, ойластық. Әркім әртүрлі пікір айтты. 18-20 аралығындағы жалын атқан жаспыз. Досекең құлақ салып тыңдап отыр. Үлкен бабалардан есіткенім бар еді, соны көп ортасына салғым келіп:

– Досеке, дарияға ығызбай-ау жүргізсек қәйтеді, – дедім. Отырғандар мырс етіп күлді. Расында күлерлік ұсыныс. Ағысы жойқын, қалың сең жүріп тұрғанда қайдағы ығызбай-ау! Оны жаз мезгілінде ғана жүргізе алатынбыз.

– Тұра қалыңдар, – деді Досекең қолын көтеріп, – Мақаш қайталашы!.. Ығызбай аудың еншісі – қарасу! Су сең астында ғой! – деді Досекең.

– Сеңді тоқтатамыз, Дос аға!

– Пә-лі, дию-пері болсаң кәні! Бұл құрдастарымның әжуасы.

– Айтшы, жойқын ағыспен заулаған сеңге нендей айла жасамақсың?

– Балықшы бабаларымыз қысылтаяң бір кезде дария сеңін бума-бума сары қамыспен кідіртіпті де, «Қарасу» алып қалыпты.

– Әп, бәрекелді-ай! – деді Дос аға жүзі жайнап, – миыма енді-енді бірдеңелер кіріп келеді. Тұрсын әкем де, осыған ұқсас, яғни дарияның арғы жағынан қап-қап арпа-бидайды сең үстінен қол шанамен алып өткенін айтқан-ды. Расында жанкештілік қой. Онсыз шаруа біте ме? – деді де, – әй, Мақаш, сенің ақылың құптарлық. Ал жігіттер таралдар. Азаннан тапсырма аласыңдар. Сеңді ұстаймыз, «Қарасу» қалдырамыз!

***

Рух көтерілді. Жігерге – жігер қосылды. Құрғақ қамыс оруға, қайыр талын кесуге, темір сым іздеуге, бөрен, арқан жинауға, қайықты қарамайлап жөндеуге, ығызбай аудың арқалық-табанын ретке келтіріп, қалқы мен қорғасынын байлауға кісілер бөлінді. Мен үйлерді аралап, бәгүр мен шанышқыны есепке алып, қайсыбірін үшкірлеу үшін «қаратеренді» көрік соғатын Бүркітбай ағамен тілдесуді және өзен жағасына су құйып қайнататын екі қазан апарып орналастыруды міндетіме алдым. Ағаш сапты бәгүр мен шанышқы сеңнен-сеңге аттаған адамға қауіпсіздік үшін аса қажет-ті.

– Қыруар бейнет қой, аға-ау!

– Ықылас-ынта мен бірлік керек. Осы күндері Дос аға қарайып, мүлде жүдеп кетті. Ауыр салмақ. Көп сенімін ақтау оңай ма? Техника, технология деген мүлде жоқ. Қамыс баулайтын сым табу қиын болды. Жігіттер «Қара-Шоқат» промыселының ескі орнына барып, қалған-құтқан сым бар ма және тағы не бар деп айналасын қаза бастапты. Промыселға іргелес «Тоқпан» ауылының бір қариясы:

– Балдар-ау, не іздеп жүрсіңдер? – дейді ғой қайырымды ана.

– Әже-ау, темір сым іздеп әлекпіз, – десе:

– Бері келіңдер, – деп ізіне ертіпті де еңкеу алаңға апарып:

– Міне, осы арадан іздегендерің табылады, – депті. Бұйырған дегенді қойсаңшы, бір түйеге жүк болар орам-орам сым шығыпты.

– Аға-а! Дария тасу, ағысы жойқын, сеңді қалай...

– Е-е, сол судың тасқынан ба, қамыстың әрбірі бас бармақтай жуанды. Арасына тал қосып темір сыммен бекіткесін бөрене ағаш сияқты қатты да қалды. Сеңді екі тұстан бууға шешім қабылданды. Әуелгісін бұзып өтуі хақ. Десек те бастапқыдай екпіні болмайды. Разгон ала алмайды, баяулайды. Міне, осы екінші тосқауылда қолымызға бәгүр мен шанышқы алып, ұшып-қонған қарға сияқты сеңнен сеңге секіріп, дария мінезімен сырлас сайдың тасындай 20-30 балықшы іске кірісеміз. Үлкен-үлкен сеңдердің ағысын баяулатамыз. Тосқауылға тұмсығын тіреймiз. Артынан келген сең де оны итере алмайды. Оған дәрмені жоқ.

– Дарияның ені қанша?

– Шамамен 120 метрге дейін. Барынша қысқа мойынды жерді қаладық қой. Екі жағаға төрт-төрттен сегіз бағана көмілген. Қамыс бума соған керіп байланды. 1-ші тосқауылдың баулығының жуандығы 12 де, 2-шісі 24 сантиметр. Екі есе жуан. Тағы да жарты метр сайын қосымша сыммен буылды. Құрғақ қамыстың суға лезде бата қоймайтыны да есепке алынды.

«Сыдық, бері қара, оң жағындағы қомақты сеңді ұста!» Бұл орта белдеуде тұрып, оң-солын шолған Дос ағаның дауысы. Ұзын сирақты Сыдық құшақ жетпейтін тосқауыл – буманың үстімен заулап, әлгі сеңге бәгүрін кірш еткізді. Ұстады. Тосқауылға баяу ғана жылжып тұмсығын тіреді. Бұзып өте алмады. Соңындағысы да оған жабыса қалды. Осылай-осылай ұзын мұз тізбегі жасалды.

– Көлемі екі шақырымдай айдын ашылды, – деді Мәкең әңгімесін жалғап, – енді бір апталық арпалыстың пайдасын көруіміз керек. Дос аға «Қарасудың» одан әрі молайуын күтпей-ақ ескекшіге Сыдықты алып, ау төкті. Біз болсақ тосқауылдағы бума қамысқа аландаймыз. Жо-қ, сең бекіген сияқты.

– Екінші қайықты суға түсіріңдер!

Бұл Дос ағаның тәртібі. Көңілді дауыс. Демек ауда балық көп. Сыралы балықшы ғой, қолындағы шүнек арқаннан-ақ өнім мөлшерін шамалап тұр. Небәрі жүз құлаштай аудың орта тұсында бөліп тастайтын арқау жіп бар. Соны суырып алса ау екіге бөлінеді. Солай етті де, оны барған қайыққа табыстады. Өздері жағаға беттеді. Қу қайық ыңыранып келеді.

– Қазанға су ысытыңдар!

Кілең ақ балық пен тыран. Қыпқызыл майлы.

– Ау құрымды екен, – деді қайықтан түскен Досекең Ығызбай ауды дайындаған Нұрман мен Ршымбетке разылық білдіріп, арынды ағыстың жүрісін (диагнозын) дәл қойыпсыңдар!

– Аудың құрымы дегені қалай?

– Құрымы, а-а, құрымы ма? Қалай десем екен? Е-е, ау-құралдың су астында балық ұстау қабілеті ғой. Иә, иә... Осылай десем шамаға соғар. Теңізге, көлге ауды суға төгесің де қайтасың. Әрине, теңіздегі аудың басаяғына көшкі тастайсың. Сары ағыс жүріп, жел соққанда ығып кетпесін деп. Ал ағысы жойқын дарияда бұлай ете алмайсың. Мұндағы біліктік мүлдемүлде басқаша...

– Мүлде, мүлде.. Ығызбай ау жүргізу соншалықты күрделі ме?

– Аса күрделі, шырағым, – деді Мәкең баяу тіл қатып, – Мана Досекең дарияға ау төгіп бара жатқанда, ауды дайындаған Нұрман мен Ршымбетке көз салсаң етті. Сонда ол екеуінің жүрек соғысын арнайы аппаратпен өлшер болсаң шошыр едің. Неге? Иә, неге? Ығызбай ау көбіне жаз айларында пайдаланылады. Онда да құрымы келіссе, балық түседі. Мұнда қыс. Сең тоқтағанмен қиынды-қиынды күр толастамайды. Сенің қойған «диагнозыңды» бек бүлдіруі мүмкін. Сосын да су астында кездесетін кесірлікті де алдын ала бағдарлау керек. Мәселен, су астына түскен ығызбай аудың ені (кең көзді) 1,5 (бір жарым) метр дейік. Арқалық арқандағы қалқы мен табандықтағы қорғасын аудың су астындағы тепе-теңдігін бірқалып ұстап, тік баяу ығуы тиіс. Сонда балық ұстайды. Ал олай болмаса ау шалқаяды не етпеттей құлайды. Су астында қалқып жүреді. Оған балық түспейді. Досекең ау дайындаған екеуге: «Арынды ағыстың ауанын (диагнозын) дәл қойыпсыңдар» дегенде мақтан сөзді босқа айтқан жоқ-ты.

– Ал қазанға су ысытыңдар деуі ше?

– Жаз емес, қыс айы ғой. Ауды шау басады. Балық ұстайтын көзін бітеп тастайды. Судан шыққан ауды ыссы сумен шайқап алмасаң-ау суға батпайды. Су үстінде қалқиды. Оған балық қайдан түссін?!

– Шау деген не?

– Күр десек те болады. Майда-майда мұз ғой. Су беті тына қалса, кілегей мұзға айналады. Сосын да ауды үш маусым, яғни тәулік бойы жүргізуге ұйғардық. Әр аусымға (сменге) үш балықшыдан. Екеуі ау төгеді. Үшіншісі қазанға су қайнатады. Қайықты қатқан мұздан тазартады. Өзге звенолар да осылай қам жасады. Екінші тәуліктеақ Ленин патшаның өкілдері түйе керуенімен жетті. Ұмытқан жоқпын. Төрт шана екен. Екі тәулікте ықпанаға төккен балығымыздың жарысын ғана алып үлгірді. Әне екі ай бойғы табысты «Қамыстыбас» стансасына жөнелттік. Ара-тұра егінші жақтан келген сыралғышы нағашыларыңның да (Асан ағайындарды) көлігін жүктеп жіберген кезіміз де болды.

Сыралғышы дегенмен нағашыларым қалта-дорбасыз болмаушы еді ғой, Мәке!

– Иә-ә, тары-сөгін дерменге тартып, ұн етіп балық қармасына араластырған да тәтті-ақ екен. Таңдайыңда қалады, – деді құдаларына қалжыңдап.

***

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – Ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп атап өткеніндей, бұл эссені сол қиынқыстау кезде ата-бабаларымыздың ұйымдасып жол тапқан ғажайып ерлік үлгісі деп бағалағанымыз жөн-ау!

Шәкірат ДӘРМАҒАМБЕТОВ,
тыл ардагері.
Арал қаласы

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖАСАЛҒАН

Ауыл атымен шұлық шығарып жатыр

Қызылорда қаласының іргесіндегі аядай ғана ауылдан жергілікті кәсіпкер шұлық шығарып жатыр. «Ақсуат» атауын иеленген шұлық цехының ашылғанына әлі жыл толған жоқ. Сонда да болса қанатын кеңге жаюға талпыныс бар.

Кәсіпкер Сәрсенкүл Аралбаева бизнес бастауға мүмкіндік берген «Ауыл аманаты» жобасы туралы ауыл әкімдерінің тұрғындармен кездесуінде естіп-біліпті. Алғашында ауыл халқына таныс мал шаруашылығымен айналысуды жөн көреді. Бірақ бұл ауыл халқының табысын арттыруға бағытталған жоба екенін, алғышартында тауар өндіру, өңдеу бағыттары да барынан хабардар болады.

– Қандай кәсіп ашуға болатынын жан-жақты зерттеп, отбасымызбен ақылдаса келе шұлық өндірісіне тоқтадық. Бизнес-жоспарымызды дайындап, ұсындық. 2023 жылдың қараша айында өтінішіміз қаралып, жоба аясында 2,5 пайызбен несие берілді. Биыл көктемде, наурыз айында цехты іске қосып, кәсіпті бастап кеттік. Құрылғыларды да, шикізатты да Қытайдан әкелдік. Шетелден маман алдырып, баламызды оқыттық, – дейді Сәрсенкүл Аралбаева.

Кейіпкеріміз шетелден жеткізілген станоктарды орнату үшін Ташкенттен маман шақыртқан. Кәсіпкердің баласы одан бір ай бойы техниканың тілін үйренген. Бір сөзбен айтқанда, бұл цехты отбасылық кәсіп деуге әбден негіз бар.

– Цехта екі адам жұмыс істеп жатыр. Күніне 200-250 жұп шұлық шығарамыз. Бір шұлықты шығаруға 2-3 минут уақыт кетеді. Оның ішінде тігілуінен бөлек, үтіктеуі, этикетканы жапсыру, бөлу, қаптау сияқты жұмыстар бар. Шұлықтар таза мақта жібінен тігіледі. Синтетика қоспасы жоқ. Мақта жібін өзім Өзбекстаннан әкеп жүрмін. Біздің өнім балаларға, әйелдер мен ер адамдарға арналған, кез келген жыл мезгіліне ыңғайлы. Бағасы – 150-200 теңге аралығында. 3D үлгісінде шығарамыз, бұйырса. Әзірге екі құрылғы қойылған, құрал-жабдық санын көбейткіміз келеді. Көршілес ауылдан екінші цех ашуды да жоспарлап отырмыз, – дейді кәсіпкер.

Қызылордада жасалған өнім әзірге облыс орталығындағы «Сұлтан» сауда үйінде сатылып жатыр. Кәсіпкер еліміздің өзге өңірлеріне таратуға да мүмкіндік туады деп есептейді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

Таным мен талант тоғысқан «ТӨРЕТАМ»

Төретамдық ағайынның төл өнерге деген құрметі, ұлттық танымға деген ынтасы алабөтен. Жас ұрпаққа жол сілтеу ұмтылысын да ерекше атауға болады. Мұны қолға алынған жобалар мен тағылымды бастамалардан аңғару қиын емес. Әсіресе, көбі «Төретам» кенттік клуб үйінде жүзеге асырылуда.

Төл өнеріміздің өркен жаюына ерекше үлес қосып келе жатқан клуб үйі 2012 жылы жаңа типтік жобада пайдалануға берілген. Бүгінде клуб үйінде мәдени-көпшілік шаралар, арнайы үйірмелер, әлеуметтік жобалар жалғасын тауып келеді. Мысалы, мұнда «Аналар ізімен» келіншектер ансамблі, «Айназым» би ансамблі, «Шабыт» мәдени үгіт-бригадасы, «Назар» триосы жұмыс істеуде. Әрбірі есептік концерт ұйымдастырып, тұрғындарға көңіл-күй сыйлау бағытында еселі еңбек еткенін айта кеткен жөн.

Сондай-ақ вокал, тоғызқұмалақ, актерлік өнер, бисер, сурет, көркемсөз оқу үйірмелері ашылып, жүйелі жұмысын жандандыруда. Мәдениетке, руханиятқа қолдау білдіру мақсатында таяуда жыр-терме үйірмесі ашылған.

Әрбір үйірменің жыл көлеміне жасаған жұмыс жоспары бар. Сол жоспарға сай үйірме жұмыстары жүйелі жүргізіліп отырады. Осындай тиянақты жұмыстардың нәтижесінде жыл көлемінде ауылдық, аудандық, облыстық байқауларға балаларды қатыстыру үнемі назарда.

Бұдан бөлек мамандар қолға алған «Поэзия түні» жобасы халықтың көңілінен шығып, көрерменнің сұрауы бойынша мейрамхана, сауда орталығы, саябақтарда жалғасып жатыр. Отбасы құндылығын дәріптеу, аналарды ұлықтау масатында жүзеге асқан «Аналар ізімен» жобасына да сұраныс азайған емес. Ал кенттегі мекемелер арасында ұйымдастырылатын ұжымдық «Екі жұлдыз» байқауының да өз көрермені бар. Бұл жобалар аудан көлемінде атқарылып, әлеуметтік желіде жоғары көрсеткішке жеткенін байқадық.

Айта кетерлігі, отбасы құндылығын насихаттайтын жобалар да жетерлік. Мысалы, «Жанұя шуағы» жобасы ұл-қызға тәлім-тәрбие беру мақсатында құрылған. Жоба аясында «Қызға қырық үйден тыйым» және «Ұлыма кеңес» тақырыптарында оқушыларымен кездесу ұйымдастырылады. Онда «Әйелдер кеңесінің» мүшелері, түрлі сала мамандары жастарға ақыл-кеңес айтып, жол көрсетеді. Осы мәндес «Сұхбат-тайм» жобасы аясында да аймақ ақсақалдары мен өнер иелері жас өрендерге өмір жолынан үзік сыр айту арқылы тағылымды іске

үндеуде. Оған қоса «Адал адам» мәдени-тәрбие орталығы тұжырымдамасы бойынша 3 үйірме ашылып, онда 54 бала қамтылған.

Иә, мәдениеттің мәртебесін асырып отырған біршама мақтаныштарымыз «Төретам» кенттік клуб үйінде топтасқан. Мәселен, «Арт-уақыт» жобасын алайық. Онда көркемсөз, драма, ән салу үйірмелері жанданып, «Есіңе мені алғайсың...», «Айналайын атамекен» атты өнер сайыстары қанат жаюда. Сонымен қатар түрлі бағыттағы өнер үйірмелерін жандандыру мақсатында «Бозторғай» балалар шығармашылығына арналған байқау дәстүрлі өткізіліп келеді. «Кино-тайм», «Креативті HUB» бастамалары да салаға серпін беруде.

Әр қадамның нәтижелі жолы білімді кадр мен білікті басшыға тәуелді екені сөзсіз. Ақмарал Кішкентаева басқаратын өнер ұжымында 13 қызметкер халыққа қызмет көрсетіп, жыл сайын мәдени-көпшілік шараларды сәтті ұйымдастырып келеді. Ақмарал Бақбергенқызы 2008-2014 жылдары аудандық мәдениет үйінің әдіскері, одан соң аудандық мәдениет үйі жанындағы халық театрының режиссері болса, 2018-2021 жылдары аталған мәдени ошақтың әдістемелік кабинетінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2018-2020 жылдары қосымша «Қармақшы жастары» жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы болып, өткен жылдан бастап «Төретам» кенттік клуб үйінің директоры қызметіне тағайындалған.

Ол басшылық етіп отырған рухани өнер ордасы қызметкерлерінің ауызбіршілігі мол, қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысады. Клуб үйінің сүйемелдеушілері Мұхит Темірханов пен Рауан Ысқақов аймақтық, аудандық, облыстық ән байқауларының жүлдегерлері болды. Ал клуб үйінің әдіскері Гүлнұр Қайнарбаева – туған жердің қадір-қасиетіне қанық, жастайынан ақындығымен көзге түскен өнерпаз. Одан бөлек білім, жастар саясатын қолдау және қоғамдық жұмыстарда да белсенді.

– Мұның бәрі – ел мәдениетінің мәртебесін арттыру мақсатында атқарылып жатқан үлкен шығармашылық еңбектердің бір парасы ғана. Рухани жаңғыру жолындағы болашақ бағдары айқын, мемлекет қолдауына ие бірден-бір тіректі кіндік жердің төсіндегі «Төретам» елінің жарқын жаңалықтары мен қолға алған игі бастамалары алдағы уақытта да осылайша өз жалғасын таба береді, – дейді клуб үйінің директоры Ақмарал Бақбергенқызы.

Әрине, өнері үстем таланттардың тізімін айта түссек, талайды таңдай қақтырған дарабоздар көп екені белгілі. Басты айтарымыз, сол сақа асықтай саңлақтардың ізін жалғаған бүгінгі буынның олжалы қарекеті болмақ. «Төретам» кенттік клуб үйінің өнерді кие тұтқан мәдениет қызметкерлері әлі талай мықтыны түлетері сөзсіз.

Ерсін ШАМШАДИН,
«Сыр бойы»

Импорттық жүктерді тексеру

Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор импорттық жүктерге фитосанитарлық бақылау-қадағалау жұмыстарын жүргізу барысында карантинге жатқызылған өнімді иеленушілерге Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамаларды түсіндіре отырып, әкелінген өніммен бірге тасымалдануы тиіс құжатын (фитосанитарлық сертификат) тексереді. Фитосанитарлық сертификатта қандай жүктер келді, шыққан жері, құжат мерзімі, орны, салмағы, залалсыздандыру жүргізілгені туралы ақпараттардың растығы анықталады.

Құжаттармен танысқаннан кейін карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитарлық талаптарға сәйкестігі тексеріліп, сыртқы бақылау жүргізіледі. Егер жүкте тірі зиянкестер табылған жағдайда олардың таралуынан сақтану үшін қоймаларға уақытша түсіріп, сол жерде карантиндік үлгілер алынып, зертханаға жолданады.

Бұл ретте импорттық жүктерді сақтықпен тексеру маңызды, себебі оның ішінде карантинге жатқызылған, бірақ Қазақстан Республикасының аумағында жоқ өте қауіпті түрлер болуы мүмкін. Әлбетте, олар біздің елге тасымалданбауы тиіс.

Жалпы, импорттық карантинге жатқызылған өнімдерге фитосанитарлық бақылау-қадағалау жұмыстарын жүргізу барысында өнімнің фитосанитарлық сертификаты дұрыс рәсімделген және жүкті тексеру барысында карантинге жатқызылған өнімнен карантиндік нысандар анықталмаса, жүк иесіне карантиндік бақылау және қадағалау актісі толтырылады. Әрі қарай мақсатына сәйкес қолдануға рұқсат етіледі.

Е.АБИШЕВА,
«ҚР АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясы» ММ-нің бас маман-өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 15 тамыздағы №68 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі №1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы №374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 3 шілдедегі №01/3048 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Бұлан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жекеменшік құқығындағы Қызылорда қаласы, Ақмаржан шағын ауданы, Смағұл Ысқақов көшесі, №4 А құрылыс мекенжайында орналасқан мал базары үшін көлемі 8141,0 (сегіз мың бір жүз қырық бір) шаршы метр (кадастрлық нөмірі 10-156-022-1787) жер учаскесін жеке тұрғын үй салу үшін халықтың жер учаскелеріне деген қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылғы 10 қараша болып белгіленсін.

3. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, №43, №13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі **Н. Ахатов**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

01.07.2024 жыл бойынша Қызылорда облысының қаржы нарығының жағдайы туралы

Тұтыну бағаларының индексі

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінің ақпаратына сәйкес 2024 жылдың маусым айына республика бойынша инфляция 0,4%-ды (аймақ бойынша – 0,4%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 0,0%-ға (аймақ бойынша – (-0,1%) төмендеп, азық-түлік емес тауарларға – 0,6%-ға (аймақ бойынша – 0,6%) өсті, ал ақылы қызметтерге – 0,6%-ды (аймақ бойынша – 1,0%) құрады.

Жылдық инфляция 8,4%-ды (аймақ бойынша – 7,0%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 5,4%-ға (аймақ бойынша – 4,8%), азық-түлік емес тауарларға – 7,4%-ға (аймақ бойынша – 7,8%) және ақылы қызметтерге – 13,8%-ға (аймақ бойынша – 10,0%) өсті.

Банк секторы

2024 жылдың 1 шілде деңгейіне Қызылорда облысы аумағында 10 екінші деңгейлі банктердің 11 филиалдары және 1 «Қазпошта» АҚ филиалы, 3 уәкілетті ұйым, 5 микроқаржы ұйымдары, 8 несие серіктестігі, 2 ломбард қызмет атқарды.

Айырбастау пункттердің жалпы саны – 51, оның 36-сы – екінші деңгейдегі банк филиалдарының айырбастау пункттері, 12 «Қазпошта» АҚ филиалының айырбастау пункттері және 3 уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері.

Банктегі депозиттер

2024 жылдың 1 шілде деңгейіне облыстағы заңды және жеке тұлғалардың банктердегі салымдары 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 33,3%-ға өсіп, 466,0 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 161,3 млрд теңгеге 24,3%-ға өсті. Жеке тұлғалардың салымдары 38,6%-ға дейін өсіп, 304,7 млрд теңгені құрады.

2024 жылдың 1 шілде деңгейіне облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері (ағымдағы шоттарды қоспағанда) 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 33,3%-ға өсіп, 344,9 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 90,1 млрд теңгені құрап, 42,3%-ға дейін өсті. Жеке тұлғалардың салымдары 30,3%-ға дейін өсіп, 254,8 млрд теңгені құрады.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі 35,7%-ға өсіп, 277,6 млрд теңгені құраса, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,2%-ға дейін өсіп, 67,3 млрд теңгені құрады. Теңгедегі депозиттер үлесі – 80,5%, шетел валютасындағы үлесі – 19,5%.

2024 жылдың маусым айында ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшері –10,9% (2023 ж. маусым айында – 10,4%), ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша – 2,0% (2023 маусым айында – 1,4%) құрады.

Банк секторының несиелері

2024 жылдың 1 шілде деңгейіне банк секторының жалпы экономиканы несиелеу көлемі (жалпы қарыз) 613,0 млрд теңгені құрады (2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,7%-ға өскен).

Жеке тұлғалардың несиелері бойынша қарыз 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,9%-ға артып, 567,3 млрд теңгені құрады, заңды тұлғалардың несиелері 45,7 млрд теңгеге өскені байқалды (+27,7%).

Қысқа мерзімді несиелердің көлемі 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,3%-ға артып, 42,7 млрд теңгеге тең болды. Ұзақ мерзімді несиелердің көлемі 30,4%-ға артып, 570,3 млрд теңгеге дейін өсті.

Банк секторының тұтынушылық мақсатындағы несиелері бойынша қарыз көлемі 35,1%-ға өсіп, 377,8 млрд теңгені (жалпы қарыздан үлес салмағы – 61,6%-ды) құрады.

Банк секторының ипотекалық несиелері бойынша қарыз 12,3%-ға өсіп, 75,0 млрд теңгені (жалпы қарыздан үлес салмағы – 12,2%-ды) құрады.

2024 жылдың қаңтар-маусым айларында банк секторының берілген несиелер көлемі 326,1 млрд теңгені құрады (2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37,8%-ға өскен).

Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің несиелендіру бойынша қарызы 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37,6%-ға өсіп, 109,4 млрд теңгені құрады. Жалпы қарыздан үлес салмағы – 17,8%.

2024 жылдың қаңтар-маусым айларында кіші кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер көлемі 66,4 млрд теңгені құрады. 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 37,8%-ға өскен.

Банк секторының несиелері бойынша мерзімі өткен берешектер 21,3 млрд теңгені (+31,5%) құрады. Жалпы қарыздан несиелер бойынша мерзімі өткен берешектердің үлесі 3,5%- ды құрады.

Тұтынушылық мақсатындағы несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер 13,3 млрд теңгені (+31,7%) (жалпы мерзімі өткен берешектерден үлес салмағы – 62,4%-ды) құрады. Мерзімі өткен ипотекалық берешектер 0,2 млрд теңгені (-18,5%) (жалпы мерзімі өткен берешектерден үлес салмағы – 1,0%-ды) құрады.

2024 жылдың маусым айында берілген несиелер бойынша орташа сыйақы мөлшері – 18,9%-ды (2023 жылдың маусым – 20,2%), шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несие бойынша – 24,7%-ды (23,9%), тұтынушылық мақсатында – 17,2%-ды (18,9%), ипотекалық несиеге – 11,1%-ды (9,7%) құрады.

Нақты шетел валютасының нарығы

2024 жылдың қаңтар-маусым айларында айырбастау пункттері 66,2 млн АҚШ долларын сатып, 17,5 млн АҚШ долларын сатып алды. 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда АҚШ долларын сату бойынша белсенділік 10,2%-ға өсті, АҚШ долларын сатып алу көлемі 30,3%-ға төмендегені байқалды.

АҚШ долларын сатудың/сатып алудың орташа бағамы 2024 жылдың қаңтар-маусым айында АҚШ доллары үшін 450,53/445,36 теңгені құрады (2023 жылдың сәйкес кезеңінде – 454,21/449,35 теңге).

2023 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда еуроны сату көлемі 43,5 %-ға (1 855,6 мың еуроға дейін) төмендеді, ал сатып алу көлемі 3,9%-ға (919,4 мың еуроға дейін) өсті. Еуроны сатудың/сатып алудың орташа бағамы еуро үшін 486,60/478,38 теңгені құрады (2023 жылдың осы кезеңінде – 491,63/485,75 теңге).

Ресей рублін сату бойынша операциялар көлемі 9,4%-ға (206,5 млн рубльге дейін) өсті, сатып алу көлемі 17,1%-ға (617,8 млн рубльге дейін) төмендеді. Рубльдің сатудың/сатып алудың орташа бағамы 4,95/4,27 теңгені құрады (2023 жылдың осы кезеңінде – 5,92/5,64 теңге).

Қытай юаньдарын сату көлемі 11,6 есеге (183,7 мың юаньға дейін) өсті, сатып алу көлемі де 4,4 есеге (198,4 мың юаньға дейін) өсті. Юань сатудың/сатып алудың орташа бағамы 62,64/57,67 теңгені құрады (2023 жылдың осы кезеңінде – 68,11/55,96 теңге).

Төлем карточкалары

2024 жылдың 1 шілде деңгейіне Қызылорда облысында айналымдағы төлем карточкалары 7,8%-ға өсіп, 2 877,8 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету инфрақұрылымы жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны – 26 883,0 бірлік (+8,4%), банкоматтар – 339,0 бірлік (-15,6%), кәсіпкерлердің саны – 24700,0 бірлік (-1,0%). Төлем жүргізу үшін карточкамен қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 29329,0 бірлікке дейін артты (+1,4%).

2024 жылдың қаңтар-маусым айлары бойынша төлем карточкаларын қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 150301,3 мың транзакциялардың (2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 36,1%-ға өскен) сомасы 1363,8 млрд теңгені құрады (9,4%-ға өскен).

2024 жылдың қаңтар-маусым айларында Қызылорда облысы бойынша қолма-қол ақша алу операциялары 5,7%-ға өсіп, 4288,5 мың транзакцияның сомасы 11,7%-ға өсіп, 344,5 млрд теңгені құрады.

Толық мәліметтерді төмендегі телефондар бойынша алуға болады: +7 (724) 255 15 22, +7(724) 255 15 23, e-mail: kuz_80@nationalbank.kz

Қазақстан Ұлттық Банкі
Қызылорда филиалы

Фото: Ашық дерекқоздан.

ОЛИМПИАДА: Олқылықтың орнын қалай толтырамыз?

Париж төрінде өткен Олимпиада ойындары мәресіне жетіп, қазақстандық спортшылар жеті медаль олжалап қайтты. Дзюдошы Елдос Сметовтің алтыны жанкүйер тарапынан жоғары бағаланып отыр. Ал грек-рим күресінен Демеу Жадыраев, спорттық гимнастикадан Нариман Құрбанов, боксшы Нұрбек Оралбай күміс жүлдегер атанса, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев, боксшы Назым Қызайбай, мергендер Александра Ле мен Ислам Сәтбаев еліміздің абыройын аспандатты.

Елге оралғаннан кейін олардың барлығы түрлі марапатқа ие болып жатыр. Президент Жарлығымен жеңімпаз және жүлдегер спортшылар мемлекеттік наградаға ие болды. Елдос бірінші дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталса, Демеу Жадыраев, Нариман Құрбанов, Ғұсман Қырғызбаев, Нұрбек Оралбай «Парасат», Назым Қызайбай, Александра Ле, Ислам Сәтбаев «Құрмет» орденіне лайық деп танылды. Десе де, Франциядан оралған спортшылардан коронавирус инфекциясының табылуына байланысты Президент қабылдауы кейінге шегерілді.

Расын айту керек, жанкүйерлер боксшылардан жоғары нәтиже күткен еді. Өкініштісі, кейінгі екі Олимпиадада еліміздің былғары қолғап шеберлері жеңіс тұғырынан көріне алмады. Кезінде талай чемпионды тәрбиелеп шығарған қазақ боксы неге әлсіреп кетті? Токио төріндегі сәтсіздіктен кейін ешқандай сабақ алмаған секілдіміз. Париж Олимпиадасында да тағы жүзімізді төмен салуға тура келді.

2000-жылы Сидней Олимпиадасында еліміздің атынан барған төрт былғары қолғап шебері финалға дейін жетіп, Қазақстан боксының шоқтығы биік екенін дәлелдеген еді. Содан бергі уақытта мұндай жоғары нәтижеге қол жеткізе алмай жүргеніміз жасырын емес. Ендеше, Париждегі сәтсіздіктің сырын тым әріден іздегеніміз артық болмас. Жазғы Олимпиада ойындарына 1996 жылдан бері тәуелсіз мемлекет ретінде қатысқан Қазақстан 71 медаль алып қайтты. Оның ішінде 24-і былғары қолғап шеберлерінің еншісіне тиіп отыр. Шаршы алаң төріндегі сайыстарда қазақстандық боксшылар 7 алтын, 7 күміс, 10 қола медаль алды.

Күні кеше еліміздің бокстан ұлттық құрамасына бас бапкер қызметіне Қайрат Сәтжанов тағайындалды. Бұл салада 34 жылдан астам уақыттан бері еңбек етіп келе жатқан маман. Ұлттық құрама тізгінін 2021-2022 жылдарда ұстаған еді. Ендігі кезекте қазақ боксында үлкен серпіліс болады деген үміттеміз.

Биыл еліміздің дзюдо спорты жоғары деңгейде ойын көрсетті деп бағалауға толық негіз бар. Алтын асықтай жарқыраған Елдос Сметов қатарынан үш Олимпиадада жүлдеге қол жеткізді. Сондай-ақ Ғұсман Қырғызбаевтың да қола жүлдегер атануы еліміздегі дзюдо спортында тың ізденістің бар екенін айғақтап тұр.

Сондай-ақ грек-рим күресінен Демеу Жадыраев та Олимпиадада жүлдегерлер қатарынан көрінді. Елімізде 1980 жылы Жақсылық Үшкемпіров Олимпиада чемпионы атанса, Дәулет Тұрлыханов 1988, 1992 жылдарда елімізге күміс пен қола медаль сыйлаған еді. Қазақ баласынан одан кейінгі жылдарда мұндай жоғары нәтижеге қол жеткізген ешкім болған жоқ.

Жалпы, Олимпиада кез келген спортшының шырқау шегі десек, қателеспейміз. Бұл сол жолда жүрген әрбір жастың бағына бұйыра бермейді. Мұндай мүмкіндікті мүлт жібермеу – әрбірінің міндеті. Десе де биыл жетістігімізден гөрі, кемшілігіміз де көзге көрініп тұрды. Оның орнын толтыра аламыз ба? Алдағы төрт жылда жеңіс тұғырынан көрінуге тас-түйін дайын боламыз ба? Көпшілік көкейінде осындай сауалдар бар. Бұл мақсатта жұмыла жұмыс жасаған маңызды. Сонда ғана биік белесті бағындыруға жол ашылады.

Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы»

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

– Биыл ҚР ҰҚК Шекара қызметіне 32 жыл, ал Қызылорда облысы бойынша департаментінің құрылғанына 25 жыл толып отыр. Отанға мінсіз қызмет етіп, әскери құрылымның қалыптасуы мен өркендеуінде, департаменттің әр әскери қызметкерінің қосқан үлесі зор. Шекарашыларымыз қай кезде де қырағылық танытып келеді. Қазіргі таңда әскери-патриоттық қозғалыстың қатарында 300-ге жуық жас шекарашылар бар. Біздің басты мақсатымыз – елге адал қызмет ету, – дейді ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы Нұрбек Әбдірақынов.

Қазіргі уақытта департамент облыста NEET санатындағы жастардың санын азайту мақсатында, әскер қатарына жастарды толықтыру жұмыстарын жүргізуде. Әскери борышын өтеп келген жас сарбаздарды келісім-шарт қызметпен және жоғары білімі бар әскери кафедраны тәмамдаған азаматтарды белсенді түрде жұмысқа орналастыру қамтамасыз етілуде. Бұл шекара шебінің нығая түсуіне және жұмыссыздықтың азаюына оң ықпалын тигізбек. Сондай-ақ департамент әскери қызметшілермен қамту бойынша жақсы нәтиже көрсетіп, үздік үштік қатарынан көрініп отыр. Бұл өңіріміздегі шекара қызметінің ширай түскенін аңғартса керек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

1-бет

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

«ХИУАЗ – ҰЛЫ ДАЛА ҚЫРАНЫСЫҢ»

Халық Қаһарманы Мәскеуде ұлықталды

Жақында Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігі және «Халықтар достығы мен ұлттық мәдениеттердің дамуын қолдайтын «Астана» қорының» ұйымдастыруымен Мәскеуде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, әнші, композитор Сәуле Жанпейісованың «Ер есімі – ел есінде» атты авторлық әндер кеші өтті. Елдік пен патриотизмге толы шараның басты мақсаты – Халық Қаһарманы, қазақтың аты аңызға айналған тұңғыш ұшқыш қызы Хиуаз Доспанованың ерлігін ұлықтау.

«Хиуаз» – ерекше толғаныстан туған ән»

Авторлық әндер кешіне жиналған көрерменнің қарасы қалың болды. Олардың басым бөлігі – кезінде түрлі жағдайлармен Ресейге қоныс аударған, тағдыр талайымен сол жақта қалған қазақтар. Мәскеуде білім алып жүрген қазақстандық жастар да осы кештің басы-қасынан табылды. Көрші елде тұрып жатқан қырғыз, өзбек, татар, қарақалпақ секілді ұлт өкілдері де концертті тамашалады.

Сахна шымылдығын Жұмекен Нәжімеденовтің сөзіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың «Бейбіт күн тілегі» әнімен ашқан Сәуле Стаханшылқызы осынау кештің маңызы ерекше екендігіне тоқталды:

– Қан майданда қаншама тағдыр қиылды, қанша адамға туған жерінен топырақ бұйырмады. Біз бейбіт күнді мәңгілікке қанымен, жанымен сыйлап кеткен, Жеңіс күнін жақындатқан, қаратүнек фашизмге қарсы жан аямай күрескен әрбір жауынгерге қарыздармыз. Мәскеу төріндегі бүгінгі кеш – сол батыр бабаларымызға арналған тағзым кеші болмақ, – деді әнші, композитор.

Бұдан соң экраннан көрермендерге Халық Қаһарманы Хиуаз Доспанова туралы шағын бейнефильм көрсетіліп, даңқты ұшқыштың құрметіне арналған Сәуле Жанпейісованың «Хиуаз» әнінің тұсауы кесілді. Осы әннің сөзін жазған БАҚ саласындағы «Үркер» Ұлттық сыйлығының иегері, ақын Нұрсұлтан Мықтыбай кешке арнайы қатысып қана қоймай, сол кешті жүргізді. Әнді Хиуаз Қайырқызының жерлесі әрі композитордың шәкірті, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 4-курс студенті, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының солисі Шыңғыс Нұрғалиұлы орындады.

– Адамзат баласына Ұлы Отан соғысы әкелген қайғыны сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Мыңдаған боздақтарымыздың ерлігі ескерілмек түгілі, көбісі майдан даласынан оралмай, із-түзсіз кетті. Осындай есімі мен ерлігі ескерілмей келген батырлардың арасында сұрапыл соғыс жылдарында әскери ұшақпен жауға қырғидай тиіп, Отан үшін от кешкен, қайсар қазақ қызы Хиуаз Доспанова да бар. Ол – жаулары «түнгі мыстан» атап кеткен, әуе шайқасында 300 рет болып, ұшақтан 14 рет құлап, төрт мәрте ауыр жарақат алғанына қарамастан, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған, әйгілі Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық ұшқыштар полкінде түнгі бомбалаушы – штурман қызметін атқарған халқымыздың даңқты қаһарман қызы. Қан майданда жаумен алысып, талай мәрте өлім аузынан аман қалған Хиуаз апамызға арналған ән осыдан екі жыл бұрын 100 жылдық мерейтойына орай шыққан болатын. Бірақ, халыққа ұсынудың сәті бүгін түсіп отыр, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

– Бір өкініштісі, соғыстан II топ мүгедегі болып оралған батыр анамыз Хиуаз Қайырқызының есімі көпке дейін ұмытылып, оның ерлігі еленбей келді, – дейді әннің сөзін жазған Нұрсұлтан, – Тек атақты жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әзілхан Нұршайықов ағамыздың арқасында ғана тарихи әділдік қалпына келіп, Мәскеу тарапы қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш қыздың ерлігін мойындай бастады.

Хиуаз Қайырқызы соғыстан мүгедек болып оралса да, елге келгеннен кейін мемлекеттік маңызды қызметтерді атқарды. Ер азаматтармен иық тірестіре жүріп, көптеген тарихи маңызы бар еңселі ғимараттардың құрылысына араласты, сан алуан игі жұмыстардың ортасынан табылды. «Абай» операсы мен «Шоқан Уәлиханов» драмасын сахналауға мұрындық болғанының өзі – оның елін сүйген ерекше жан болғандығын көрсетеді.

«Соғыстың қиындығын айтып тауысу мүмкін емес. Ойласам, түнімен кірпік ілмеймін, жаным түршігеді, ешкімге тілемеймін» депті бір сұхбатында қазақтың қайсар ұшқыш қызы. Міне, қаһарман жанның өмір өнегесі Мәскеу төрінде тұсауы кесілген «Хиуаз» әніне өзек болып, көрермен тік тұрып құрмет көрсетті.

«Мәскеудегі қазақ жастары ұйымшыл»

Жезтаңдай әншіаталған кеште халық әндері, Абай, Мұхит, Ғарифолла шығармаларынан бөлек, Пушкин мен Есениннің «Татьянаның хаты», «Онегиннің өлердегі сөзі», «Қара шәлі» секілді өзі әнін жазған атақты туындыларды орындап, орыс, қырғыз, ноғай тілдерінде ән шырқады. Мәскеулік көрермендер «Жан әке», «Фариза – жыр биік», «Көк нөсер», «Тұғыр» секілді авторлық әндерін жылы қабылдап, қошемет танытты. Сондай-ақ Ресейде тұратын Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Татьяна Полтавская, сазгердің шәкірті Шыңғыс Нұрғалиұлы, және сонда білім алып жатқан Гүлнар Құспақова, Гүлбану Мұратова, Динара Сейтешева, Гүлсәуле Үділбекова, Ақбермет Айнақұлова, Гүлжанар Бимұғамбетова, Еркін Саяжан, Асхат Оралбеков, Абзал Тастанбек, Айжамал Асқарова өнер көрсетіп, ән мен биден шашу шашты.

– Мәскеудегі қазақ жастары ұйымшыл. Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін кеңінен насихаттап, Наурыз, Ұлттық домбыра күні секілді мерекелерді ерекше атап өтеді екен. Бірі күй тартады, бірі ән айтса, енді бірі би билейді. Бұл үшін оларға ақы төленбейді. Бірақ, «қазақ» екендіктерін бәрінен жоғары қояды, – дейді Н. Мықтыбай.

Айтпақшы, Мәскеу төріндегі шарада атыраулық суретші, дизайнер Камила Жапалованың Хиуаз Доспановаға арнап салған портретінің тұсауы кесіліп, жиналған қауымға кеңінен таныстырылды. Осы шараға Қызылорда қаласынан арнайы барған «Торғай-Петролеум» АҚ бас директоры Дәурен Әбілқайыров суретшіге қолдау көрсетіп, «Хиуаз апамыздың бейнесі еліміздің маңдайалды музейлерінің бірінде тұруы керек» деген пікірін білдірді.

Мәскеуде өткен іс-шараға облыстық мәслихат депутаты Гүлшат Мұсаева да қатысып, ерлікті, елдікті дәріптеу тұрғысында ой-пікірін бөлісті.

Айдын ӘБДІХАЛЫҚ

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23114 | Тапсырыс №1288 | Кезекші редактор **Ерсін ШАМШАДИН**